

**«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу және «Азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 қыркүйектегі № 850 қаулысының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасына
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА**

Р/с №	Түсіндірме жазбада көрсетілуге тиіс мәліметтердің тізбесі	Әзірлеуші мемлекеттік органның ақпараты
1.	Жобаны әзірлеуші мемлекеттік орган	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі
2.	Жобаны қабылдау қажеттігінің негіздемесі	Мемлекет басшысының 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру бойынша Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 27-тармағы
3.	Жоба қабылданған жағдайда болжанатын әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық салдар	Жобаны қабылдау әлеуметтік-экономикалық және құқықтық теріс салдарға әкеп соқпайды
4.	Жобаны іске асыруға байланысты болжанатын қаржылық шығындар	Жобаны іске асыру 2015 жылы 139,5 млрд.теңге, 2016 жылы 276,2 млрд.теңге мөлшерінде қосымша бюджет қаражаттарының бөлінуін талап етеді
5.	Жобаны қабылдаудың нақты мақсаттары, күтілетін нәтижелердің мерзімі мен болжанатын тиімділігі	Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау азаматтық қызметшілер жалақысының 2015 жылғы 1 шілдеден бастап денсаулық сақтау саласында – 7% -дан 28%-ға дейін, білім беру саласында – 15%-дан 29%-ға дейін, өзге салаларда – 28%-дан 40%-ға дейін сараланып арттырылуын қамтамасыз етеді. Жобаны қабылдау жеке сектор мен бюджет саласы қызметкерлерінің еңбекақы деңгейлеріндегі алшақтықты азайтуға, мұғалімдер, дәрігерлер, әлеуметтік қамсыздандыру қызметкерлері және т.б. еңбегінің

		беделін арттыруға мүмкіндік береді, қорытындылай келе, халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартады.
6.	Жобада қаралатын мәселелер бойынша Президенттің және/немесе Үкіметтің бұрын қабылданған актілері және олардың іске асырылу нәтижелері туралы мәліметтер	Жоқ
7.	Заңнаманы кейін жобаға сәйкес келтіру қажеттігі	Талап етілмейді
8.	Премьер-Министрдің тапсырмасы бойынша басқа ұйымдарда қосымша (құқықтық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, лингвистикалық, экономикалық, экологиялық, қаржы және басқа да) сараптама жүргізілген жағдайда оның нәтижелері.	Жүргізілген жоқ
9.	Өзге де мәліметтер	Жоқ
10.	Материалдарды (үзінді көшірмелерді) Үкімет мүшелерінің мобильдік құрылғыларына «Қазақстан Республикасы Үкіметінің мобильдік кеңсесі» ақпараттық жүйесі арқылы беруге рұқсат етіледі	Рұқсат етіледі
11.	Қаулы жобасын мемлекеттік органның интернет-ресурсында	www.enbek.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылды

	(веб-сайтта, интранет-порталда немесе басқа ақпараттық жүйеде) орналастыру туралы ақпарат	
12.	Мемлекеттік органның интернет-ресурсында (веб-сайтында) әлеуметтік мәні бар қаулы жобасына баспасөз релизін орналастыру туралы ақпарат (баспасөз релизінің атауы, күні)	«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсандағы № 1400 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу және «Азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 қыркүйектегі № 850 қаулысының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасына баспасөз релизі www.enbek.gov.kz интернет-ресурсында 2014 жылғы 30 мамырда орналастырылды

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі**

Т. Дүйсенова

2014 жылғы «__» _____